

ЭЛЕКТРОНДЫ ХАТТЫҢ ЛИНГВО-КОММУНИКАТИВТІК БЕЛГІЛЕРІ

*Сәрсеке Г.Ә.¹

*¹Фил. ғыл. канд., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
e-mail: sarseke_ga@enu.kz

Андатпа. Мақала электронды коммуникация құралдарының бірі – электронды хат туралы зерттеудің нәтижелерімен бөліседі. Бұл зерттеудің мақсаты – коммуникацияның құралы ретінде электронды хаттың лингвистикалық және коммуникативтік белгілерін анықтау.

Электронды пошта арқылы хат алмасу адамдар арасындағы қарым-қатынасқа өткен ғасырдың 70 жылдарынан бүгінгі күнге дейін қызмет етіп келе жатқан электронды коммуникацияның тұрақты әрі сенімді құралы болып қалуда. Оның электронды коммуникацияның басқа түрлерімен салыстырғанда өзіне тән ерекшеліктері мен белгілері бар. Электронды коммуникацияның жылдам хабарлама, чат топтар, веб блогтар, тағы басқа түрлерімен салыстырғанда электронды хат байланыстың іске асуы, уақыт пен мекенге тәуелсіздігі, кері байланыстың ілеспелілігі, функционалдық мақсаты, құрылымы, стилі және тілі жағынан ерекшеленеді. Сонымен қатар электронды хаттың коммуникацияның бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі жазбаша және ауызша сөйлеу орталарымен ұқсайтын және олардан ажырайтын сипаттары бар.

Зерттеудің дереккөздері электронды коммуникация, соның ішінде электронды хат тақырыбында жарық көрген ғылыми зерттеулер болып табылады. Зерттеу деректері ретінде зерттеу авторының жұмыс электронды поштасынан іскерлік мақсаттағы электронды хаттар алынды. Зерттеу салыстыру, сыни талдау және контент-талдау әдістерімен жүргізілді.

Бұл зерттеудің нәтижелері электронды хаттың байланыстың сенімді әрі тұрақты құралы болуы, қарым-қатынасқа жайлылық пен еркіндік қосуы, бірден бірнеше адресатқа жіберілуі және тез жетуі, сондай-ақ хабарламалардың уақытша болуы белгілерімен электронды коммуникацияның басқа түрлерінен ерекшеленетінін, ал табиғатында асинхронды және синхронды байланыс түрлерінің қатарласа жүруі және ілеспелі кері байланыстың кем болуы белгілерімен қарым-қатынастың ауызша сөйлеу ортасына ұқсайтынын және одан ажырайтынын да көрсетіп отыр. Электронды хат адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын, өзіне тән құрылымы және тілдік белгілері бар коммуникациялық орта болып табылады.

Бұл зерттеудің құндылығы қазақ тілді электронды коммуникация тақырыбының зерттелуін кеңейту, сондай-ақ оның мәселелерін түсіну мен талдауды тереңдету болып табылады.

Жұмыс қорытындыларының практикалық маңызы адамдар арасындағы электронды қарым-қатынастың ғылыми негізін түсінуден, виртуалды әлемді қолданушылардың лингвистикалық танымын кеңейтуден және интернет пен тіл арақатынасының түрлі аспектілерін зерттеуге бағытталған лингвистикалық еңбектердің санын арттырудан көрінеді.

Тірек сөздер: электронды хат, компьютерге негізделген коммуникация, электронды коммуникация, электронды пошта, лингвистика, онлайн, асинхронды, синхронды

Негізгі ережелер

Электронды хат электронды коммуникацияның (компьютерге негізделген коммуникацияның) бір түрі болып табылады. Ақпараттық технологияның қарқындап дамуымен электронды құралдардың адамзаттың күнделікті қарым-қатынасында қызметі артып, мүмкіндігі кеңейе түсті. Электронды пошта - коммуникацияның интернет желісімен байланыстырылған құралы және адамдар арасындағы қарым-қатынас ортасы.

Электронды хаттың функционалдық мақсаттарын, электронды коммуникацияның бір түрі ретінде белгілерін, құрылымын және тілін зерттеу маңызды. Электронды хатты қолданудың ұлттық ерекшеліктері де арнайы зерттеуге тұрарлық.

Электронды хат адамдар арасында байланысты уақыт пен мекенге тәуелсіз қамтамасыз ететін, коммуниканттарға жайлылық беретін ыңғайлы байланыс құралы болуымен қатар, табиғатында қарым-қатынастың ауызша және жазбаша түрлерінің бірқатар белгілерін топтастырған, кері байланыстың өзіндік сипатымен, асхронды белгісімен ерекшеленетін электронды коммуникацияның түрі болып табылады.

Кіріспе

Электронды пошта арқылы жіберілетін электронды хат іскерлік және жеке мақсаттарда адамдармен қарым-қатынас жасауда қолданылатын коммуникация құралдарының бірі болып табылады. Электронды хаттың электронды коммуникацияның басқа түрлерімен салыстыра қарағанда ерекшеленетін де, ортақтасатын да белгілері бар. Ол белгілер электронды хаттың құрылымынан, тілінен және қызметінен көрінеді. Электронды хатты, мысалы, жедел хабарламалармен салыстырғанда оның бірқатар белгілері анық көрінеді. Мобильді қосымшалар арқылы мүмкін болып отырған жедел хабарламалар қарым-қатынаста кеңінен қолданылады және коммуниканттардың жылдам хабар алмасуына мүмкіндік береді. Дегенмен, жедел хабарламаларды күнделікті өмірдегі қызмет аясының бәрінде қолдана алмайсыз. Олар туыстық, достық қарым-қатынастарда өте ыңғайлы болғанымен, ресми қарым-қатынастарда кеңінен қолдануға келмейді. Оның орнына электронды поштаны қолданған әлдеқайда салмақты және ол ресми қарым-қатынасты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Демек, электронды коммуникация түрлерінің әрқайсысының осындай және тағы басқа ерекшеліктері бар. Бұл мақаланың мақсаты да сонда, ол электронды коммуникацияның бір түрі ретінде электронды хаттың лингвистикалық және коммуникативтік белгілерін ашу болып табылады.

Электронды хат арқылы ақпарат алмасу процесін лингвистикалық аспектіде зерттеу маңызды. Шетел зерттеулерінде бұл тақырыптың зерттелуі ХХ ғасырдан басталып бірнеше онжылдықтарға созылса, қазақ тіл білімінде зерттелуі әлі де басталу кезеңінде. Қазақ тіл білімінде электронды коммуникация тақырыбын, тіл және интернет арақатынасын зерттеу өзекті. Ендеше, бұл жұмыс та біздің осы саланың зерттелуін дамытуда жүргізіп жатқан зерттеулеріміздің қатарын жалғастыратын болады [1]. Бұл зерттеу жұмысының мақсаты электронды хаттың электронды коммуникацияның түрі

ретінде табиғатын ашып, оның лингвистикалық белгілерін анықтау болып табылады. Мақалада, алдымен, электронды поштаның адамдар арасындағы қарым-қатынастың құралы ретіндегі ерекшеліктері ашылады, екіншіден, электронды хаттың табиғаты мен белгілері айқындалады, үшіншіден, электронды хаттың құрылымы мен тілдік белгілері талданады.

Материалдар мен әдістердің сипатамасы

Зерттеу материалдары ретінде жеке электронды жұмыс поштамнан іріктелген электронды хаттар алынды. Зерттеудің іріктелген деректері бір ай мерзім уақыт шегіндегі жалпы саны 809 электронды хат, оның ішінде 494 хат келіп түскен, 315 хат жіберілген хаттар болды. 809 электронды хаттың 178-і құжат- және аудио файлдарды жіберу мақсатында жіберілген және алынған. Ондай хаттар коммуникативтік қызмет атқармайды, электронды поштаның тасымалдау қызметін пайдаланып жіберілген, сондықтан хаттардың жалпы санынан алынып тасталды. Сонда зерттеудің деректері ретінде жалпы саны 631 хат талдауға түсті. Хаттар үш тілде - қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған; олардың пайыздық үлес салмағы төмендегідей: 83,2%-ы қазақ, 12,83%-ы ағылшын, 3,96%-ы орыс тілдерінде.

Зерттеудің этикалық талаптарына сәйкес адамдардың жеке басына және ұйымдарға қатысты жария етуге болмайтын ақпарат пен деректер кодталды. Хаттардағы адамдардың аты-жөндері, электронды пошталары, басқа да байланыс деректері көрсетілмейді, олардың орнына көп нүкте ... белгісі қойылып, жанында жақша ішінде кодталған деректің атауы көрсетілді. Кейбір тұстарда электронды хаттағы хабарламаның мазмұны жеке деректерді жарияламау мақсатында қысқартылып берілді.

Талдауға іріктелген хаттардың функционалдық мақсаттары әр түрлі: жеке, іскерлік, аралас (жеке және іскерлік), жазылу немесе тізім, жарнамалар, спам хаттар, жүйеден келген хаттар. Зерттеудің деректері жұмыс поштамнан алынғандықтан, хаттардың барлығы дерлік іскерлік мақсаттағы хаттар болып келеді, оның ішінде академиялық ортадағы іскерлік хаттар құрайды. Жарнамалар мен спам хаттар зерттеудің мақсатына сәйкес жоғарыда көрсетілген деректер санынан және талдаудан алынып тасталды. Хаттардағы хабарламалар зерттеуде сол қалпында берілді: құрылымына, тыныс белгісіне, стиліне, емлесіне түзетулер енгізілген жоқ.

Зерттеуде электронды хаттың лингвистикалық және коммуникативтік ерекшеліктерін ашуда ғылыми зерттеулердегі ой-тұжырымдар сараптау, салыстыру және сыни талдау тәсілдерімен талданды. Электронды хаттардағы хабарламаларды талдауда контент-талдау әдісі қолданылды.

Нәтижелер

Электронды пошта коммуникацияның құралы ретінде

Электронды поштаның өмірге келуі ХХ ғасырдың 60 жылдарының технологиялық жаңалықтарының бірі болатын. Хат алғашқыда компьютер жүйелері арқылы жіберілсе, кейіннен технологияның дамуымен оны мобильді телефоннан да жіберу мүмкіндігі пайда болды. Электронды пошта арқылы хат

жіберу тарихы 1971 жылдан басталғанымен, электронды хат арқылы байланыс орнату XX ғасырдың аяғынан бастап кең қанат жая бастады. Оған, әрине, Интернетті қолданудың артуының әсері зор болды. Электронды пошта тарихи пайда болуы жағынан алғашқы және желіні дамытудың негізгі қозғалтқышы болған. 1960 жылдардың басында алдымен бір машинаны қолданушылар арасында хат жіберу мүмкін болса, кейіннен 1970 жылы бір лабораториядағы екі компьютер арасында алғаш рет хат жіберілген. Компьютерден компьютерге хат жіберу жаңалығы Рэй Томлинсонға тиесілі. Ол – машиналар арқылы хат жіберуді ойлап тапқан адам. Кейіннен 1972 жылы Р.Томлинсонның бұл әдісін ARPANET (Advanced Research Projects Agency Network) желіде пайдаланып, іске қосады. Джон Нотонның: «Желі электронды пошта арқылы құрылған... Ол жүйені майлайтын май», – деуі сондықтан [2, 150 б.]. Техника арқылы хат жіберу желідегі сол кездің ірі жаңалығы болатын.

Электронды хат адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қызмет етіп келеді. Дегенмен электронды поштамен хат жіберу қазіргі уақытта электронды қарым-қатынастың басқа түрлерімен, әсіресе, жедел хабарламамен, салыстырғанда «ескірген» болып есептеледі. Электронды қарым-қатынастың жаңа түрлерінің шығуымен электронды хат та өзінің «танымалдығын», қолданымдылығын жоғалта бастады деген пікірлер бар. Әр түрлі мобильді қосымшаларды, сондай-ақ әлеуметтік желілердің хабарлама жіберу мессенджерлерін пайдалана отырып жылдам хабарлама жіберіп, ақпарат алмасу мүмкіндігі электронды хаттың қолданысын біршама ығыстыра бастағаны рас. Дегенмен, ол адамдар арасында байланыс орнатуда әлі де болса қолданылады және бірнеше пайдалы тұстары бар. Әрине, осыдан он, жиырма жыл бұрынғы электронды поштаның қолданысы мен қазіргі қолданысының арасында үлкен айырма бар. Мәселен, 1990 жылдардың аяғында М.Кинслей жүргізген өз зерттеуінде Майкрософт компаниясының ішіндегі қарым-қатынастың шамамен 99 пайызы электронды пошта арқылы жүзеге асатындығын айтқан [3, 128 б.]. Кейінгі мобильді қосымшалар қарым-қатынастың жылдамдығын арттырып, синхронды және асинхронды түрде жедел байланыс жасаудың құралдары ретінде кеңінен қолданылуда. М.Кинслейдің «Майкрософтта ешқашан телефон шырылдамайды» деген әйгілі фразасының [3, 113 б.] өзектілігі қазірде бәсеңдеген болар, дегенмен бұл электронды поштаның қызметін жоққа шығармайды. Соңғы статистикалық мәліметтер электронды пошта адамдар арасындағы қарым-қатынаста әлі де болса көп пайдаланылатын электронды құрал екенін көрсетіп отыр. 2019 жылдың басында әлем бойынша шамамен 3,8 миллиард электронды пошта тіркелімдері болған, бұл 2018 жылдан 100 миллионға артқандығын көрсетеді [4]. Миллениум ұрпағының басқа ұрпақтармен салыстырғанда электронды поштамен жұмыс істеуге көбірек уақыт жұмсайтыны (олар электронды поштамен жұмыс жасауға күніне шамамен 6.4 сағат жұмсайды екен) «жастар электронды поштаны көп пайдаланбайды» дейтін кең таралған пікірдің де шындыққа жанаспайтынын көрсетіп отыр [4].

Электронды поштаның әлі де болса электронды қарым-қатынастың өте маңызды әрі сенімді құралы болып табылуының бір себебі оның интернеттің

орташа қолданушысына жақсы танымал жалғыз құрал болуында. Оған, мысалы, К.Дуршайд пен К.Френер ғалымдар формаларды толтырғанда Skype идентификациясы немесе Twitter аккаунты сұралмай, электронды пошта мекенжайының сұралатындығын, себебі Skype идентификациясы немесе Twitter аккаунтының уақытша қолданыста болып, кейін пайдаланбай қалу тәжірибесін электронды поштаның әлі де қолданыста болатындығына дәлел ретінде келтіреді [5, 35 б.]. Сол сияқты мобильді телефон нөмірлерін немесе мобильді телефонға тәуелді түрлі қосымшаларды қарым-қатынаста пайдаланумен салыстырғанда электронды пошта қарым-қатынастың тұрақтылығына сенімді кепіл бола алатындығын айту қажет. Айталық, егер танысқан адамдарыңызбен коммуникацияны әрі қарай жалғастыру мақсатында мобильді телефон нөмірлерімен алмасатын болсаңыз, телефон нөмірі өзгеруіне, телефонның жоғалуына т.с.с. себептерге байланысты, адаммен қарым-қатынасты үзіп алуыңыз мүмкін. Ал электронды пошта мекенжайы поштаңызда бір хат алмасқаннан кейін де сақталады және интернет байланысы бар барлық жерде сіз поштаңыздан хабарлама жіберу арқылы қайтадан қарым-қатынасты жалғастыра аласыз. Сондай-ақ алыс қашықтықтардан байланыс орнатуда да электронды поштаның қызметі зор. Интернеттің қызметін пайдалана отырып, кез-келген уақытта және ақпаратты қабылдаушының жер шарының қай нүктесінде болғанына қарамастан, қажетті хабарды не ақпаратты жібере аласыз. Бұл тұрғыдан электронды пошта адамдар арасындағы байланысты сақтауға мүмкіндік беретін сенімді қарым-қатынас құралы болып табылады.

Электронды хаттың табиғаты және белгілері

Хаттың электронды түрі қарым-қатынаста бұрыннан қолданылып келе жатқан дәстүрлі хатқа «бәсекелес» болды. Қазіргі қолданыста екеуі де қатар жүріп келеді, дегенмен электронды хаттың дәстүрлі хатты ығыстырып шығара бастағаны белгілі. 2013 жылғы зерттеу электронды поштамен хат жіберу жеке қарым-қатынастың құралы ретінде дәстүрлі жазылған хаттарды 92 пайызға ауыстыра бастағанын көрсеткен [6]. Қаламмен қағазға жазып жеткізілетін хатпен салыстырғанда электронды хаттың бірқатар артықшылықтары бар. Электронды хаттың дәстүрлі хатқа қарағанда жекелік сипаты аздау болғанымен, адамдарға бөгет жасамайтын қарым-қатынастың түрі ретінде қолайлы болып саналады. Адамға бөгет жасамау белгісі электронды хаттың бір артықшылығы болып табылады. Бұл тұста электронды хатты телефон қоңырауымен салыстыруға болады. Көп жағдайда адамдар телефонға қоңырау шалудан гөрі электронды хат жазуды артық көреді, себебі электронды хат адамды алаңдатпайды: жұмыс жасап жатса, жұмысынан бөлмейді, кітап оқып жатса, оқуынан бөлмейді. Келесі белгісі - электронды хаттың алушысына уақыт пен географиялық кеңістікке тәуелсіз жылдам жетуі. Бұл оны алыс қашықтықтағы адамдармен байланыс орнатудың қолайлы құралы етеді. Дәстүрлі хаттың жетуі электронды хатпен салыстырғанда көп уақытты алса, электронды хат өз алушыларына уақытқа және мекенге тәуелсіз тез жетеді. Тек электронды поштаңыздың интернетпен байланысы болса жеткілікті, әр

түрлі географиялық аймақта мекендеген бірнеше адресатқа бір мезетте бір ғана батырманы басып электронды хат жібере аласыз. Тағы бір артықшылығы – хаттың электронды түрінде хат жіберушінің жазып отырған сөйлемдерін ойланып жазуына және қажет болса, түзетуіне мүмкіндігі бар. Электронды хаттар мәтіндерді жазу арқылы құрастырылады. Хат мәтінін жазу офлайн немесе онлайн форматтарда да іске аса алады. Мәтінге негізделген электронды хаттар коммуникация қатысушыларының онлайнда болуын немесе бір уақытта не бір мекенде болуын талап етпейді. Хабарламалар офлайнда да құрастырыла беретіндіктен, бұл хатты жіберушіге өз хабарламасын жоспарлауына және өңдеуге уақыт мүмкіндігін береді [7]. Келесі бір артықшылығы ақпаратты бір емес, бірнеше адамға тез жеткізу мүмкіндігіне ие. Алғашқыда хат алмасу екі коммуниканттың арасында ғана жүрсе, кейіннен техникалық мүмкіндіктердің кеңеюінің нәтижесінде электронды хатты бір мезгілде бірнеше адамға жіберуге болатын болды. Хатқа бірден жауап бере алу мүмкіндігі де электронды хаттың дәстүрлі хатпен салыстырғандағы басты артықшылығы болып табылады. Егер дәстүрлі хатқа жауап жіберу белгілі бір мөлшерде қолайсыздықтар тудырса, мәселен, конверт сатып алу, ашықхат болса, арнайы марка жапсыру, поштаға немесе пошта жәшігіне апарып салу, ал электронды хатты бір демде батырманы басып-ақ жібере аласыз. Әрине, дәстүрлі хаттың электронды хаттан кейбір артықшылықтары да бар. Ең басты артықшылығы – дәстүрлі хаттың интернетке тәуелсіз болуы. Дәстүрлі хатты интернетті қолданбайтын адамдар да ала алады.

Электронды хат электронды коммуникацияның асинхронды түріне жатады. Коммуникацияның синхронды түрінде коммуниканттар арасында хат алмасу бір мезгілде жүреді, асинхронды түрінде хатты жіберуші мен алушының хабарлама алмасуы әр түрлі уақытта болады. С. Херринг типологиясына сәйкес, электронды хат бірбағытта хабарлама жіберумен асинхронды коммуникацияның мысалы болып табылады: «коммуникация серіктестері бір мезгілде жүйеге кіруі қажет те емес және басқа адамның хабарлама теріп жатқанын олар көре де алмайды» [8, 614-615 б.]. Дегенмен электронды хат қарым-қатынасында коммуниканттар синхронды түрде де хат алмасып, бірден жауап қайтара алады. Сондықтан электронды хат толығымен асинхронды коммуникация түріне жатады деп айту қиын. Хатты жазушы мен алушының бір мезгілде байланыста отырып, хатты жазып, оны оқып, жауап беруі және алуы электронды хат алмасуды синхронды ете түседі. Н.С.Баронның түсіндіруімен айтсақ, «хабарламаларды электронды пошта арқылы шынайы уақытқа жақын режимінде жіберіп, дереу жауаптың алынуы технологиялық тұрғыдан асинхронды деп танылатын ортаны синхронды етеді» [9, 1 б.].

Электронды хаттар коммуникацияға белгілі бір дәрежеде еркіндік пен жайлылық қосып, коммуниканттарға ыңғайлы жағдайда байланыс жасауға мүмкіндік береді. Электронды хат коммуникация қатысушыларына әңгімелесушіні бетпе-бет көріп отырмағандықтан немесе естіп отырмағандықтан бетпе-бет сөйлесуге қарағанда емін-еркін қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесі әйелдердің ерлермен,

студенттердің оқытушылармен, жоғары лауазымдағы адамдардың өздерінен төмен лауазымдағы адамдармен электронды хат арқылы хабарласуы еркіндік, жайлылық, тіпті жаңа идеяларға ұсыныс жасауға мүмкіндік бергенін көрсетіп отыр [10, 147 б.].

Электронды хатқа уақытқа бағыныштылық белгісі тән. Хат жіберілген соң, оған жауап күтіледі, жауаптың берілуі бірден болуы да мүмкін немесе жауап араға уақыт салып барып та келуі мүмкін. Уақытша болу белгісі электронды поштадағы хаттарды бірден жоя алу мүмкіндігімен де түсіндіріледі. Д.Кристал электронды хатқа жауаптың бірден күтілуін не талап етілуін және хабарламалардың уақытша болуын оның уақытқа бағыныштылық белгілері ретінде атаған [11, 32 б.]. Бірден жойылып кету, яғни уақытшалық, және уақытқа тәуелділік белгісі электронды хатты ауызша сөйлеуге ұқсатады. Дегенмен электронды хаттағы хабарламаны сөйлеп емес, жазып құрастырамыз, сол себепті ол мәтінге негізделген онлайн коммуникацияға жатады, бұл белгісі оны жазуға жақындатады [11, 32 б.; 12, 3 б.].

Коммуникациядағы кері байланыс - электронды хаттың табиғатын аша түсетін белгілердің бірі. Электронды хаттағы кері байланыс кемінде екі коммуниканттың арасында негізінен диалог сипатында орын алады. Хат жіберілгеннен соң, көбіне оған жауап күтіледі. Демек, хатты жіберушінің оны алушысымен кері байланыс орнатуы жүзеге асады. Электронды хаттағы кері байланыс ауызша сөйлеудегідей бір мезгілде бола ала ма? Міне, бұл сұрақта зерттеушілер пікірлері біркелкі емес. Электронды хатта ауызша сөйлеудегідей коммуникация интерактивті, синхронды түрде жүреді: хатты алушы жіберілген ақпаратқа немесе хабарға реакциясын бірден байқата алады, оны жіберуші де бірден байқай алады [10]. Хатты жіберуші мен алушының синхронды түрде онлайнда болуы талап етілмегенмін, олар синхронды түрде онлайнда болып, хабарлама секундтар ішінде жіберіліп және алынуы мүмкін. Осы белгісі жағынан электронды хат ауызша сөйлеуге жақындайды. Электронды хат алмасулар бір уақытта онлайнда жүрсе, ол сөйлесу сияқты жанды сипатқа ие болады. Ауызша сөйлесу сияқты динамикалық, интерактивті және ефемералды сипаттарға ие [12, 27 б.]. Енді бір зерттеушілер электронды хатта кері байланыстың бір мезгілде бола бермейтінін айтады [13; 14]. Д.Кристал технологияның қызметінде бір мезгілде кері байланыстың жоқтығына көңіл аудартады және мұны ауызша сөйлеуден ерекшелейтін белгі деп атап өтеді [11, 32-33 б.]. Компьютер арқылы жіберілетін хабарламалар аяқталған және бірбағытты сипатқа ие [13; 11]. Бетпе-бет сөйлесуде коммуниканттың хабарламаға реакциясын бірден көре аласың не біле аласың, электронды хатта ол жоқ. Жіберілген хабарламаны қабылдаушы бірден оқуы да мүмкін немесе белгілі бір уақыт өткен соң да оқуы мүмкін. Сондай-ақ техника арқылы жіберілген хатты қабылдаушы хатты жіберуші құрастырып болғаннан кейін ғана оқи алады. Мұндай кері байланыс электронды коммуникацияның жылдам хабарлама, чат топтар, сондай-ақ электронды хат түрлерінің сөйлеу тілінен айырмасын көрсететін белгі болып табылады. Кейде хатты жіберуші мен алушы онлайнда қатар отырып, синхронды түрде кері

байланыс болады десек те, бұл жағдайда да ол, егер электронды хатты құрастыру және жіберу жылдамдығын ауызша сөйлеу жылдамдығымен салыстырсақ, баяуырақ. Тіпті коммуниканттар бір мезгілде байланыста отырып, хатты алушы бірден жауап қайтарса да, хат алушысының экранына жеткенше түрлі техникалық себептерден - негізгі компьютердегі трафиктің тығыздығынан немесе жіберуші мен алушының құрылғыларындағы проблемалардан т.т. - кешігу болуы мүмкін [11, 34 б.]. Осы кешігу себебінен электронды хаттағы өзара әрекеттестіктің ырғағы бетпе-бет сөйлесуде орын алатын қарқындылыққа жетпейді. Ендеше, кері байланыстағы уақыт жағынан кешігу факторы электронды хатты бетпе-бет ауызша сөйлесуден ерекшелейді.

Электронды хаттың құрылымы мен тілдік белгілері

Талданған іскерлік хаттар оқытушы мен білім алушылар, оқытушы мен оқытушы(лар), оқытушы мен ұйым/мекеме, оқытушы мен жеке тұлға араларында коммуникацияны жүзеге асырған. Хаттар арқылы кемінде екі және одан да көп коммуниканттар арасында байланыс іске асқан. Хаттардың көбінде хатты жіберушінің хатты алушымен кері байланысы, интерактивті байланысы көрінеді.

Талданған хаттарды функционалдық белгісіне қарай былайша топтастыруға болады:

- Жауап хатты талап ететін хаттар: сұрақ хат, өтініш хат, сұрау хат, ұсыныс хат;

- Жауап хатты талап етпейтін хаттар: ескерту хаты, еске салу хаты, шақыру хат, жазылу хат.

Осылардың кейбіріне мысалдар берсек. Мысалы, *сұрақ хат*:

Сәлеметсіз бе, анкетаны Survey Monkey де жасадым. Бірақ почтамен жібере алмай жатырмын. Ақылы болып шығып тұр. Сілтемесін жіберу де солай болып тұр. Ертең сабақ барысында көрсетуге немесе гугл формада жасауға бола ма?

Өтініш хатқа мысал:

...(аты-жөні)!

Қайырлы кеш!

...(топ атауы) тобы ... (аты-жөні)

Осы екі тақырыптың біреуін көріп таңдап берсеніз

Шақыру хатқа мысал:

Тақырып: Rapid publication with a 50% discount in a Scimago-indexed journal

Dear Colleague,

Quick publication in journal at a 50% discount

You are invited to submit research articles in **International Journal of Membrane Science and Technology**. The journal is indexed in Scopus and provides fast publication, often within a timeframe of to 3 days following the receipt of the article processing fee.

(Хабарлама мәтіні қысқартылды)

You can contact us

Dr. ...(аты-жөні)

E-mail : ...(электронды пошта)

WhatsApp : ...(телефон нөмірі)

Электронды поштаның пішіні *Кімнен, Кімге, Күн, Тақырып* құрылымдық бөліктерінен тұрады. Компьютерлік бағдарлама алғашқы үшеуін автоматты түрде жасайды. Электронды хаттың *Тақырып* бөлігіне хаттағы хабарламаның тақырыбы жазылады. Тақырып белгілі бір функционалдық мақсат көздейді. Ол хабарламадағы негізгі ойды белгілейді. Тақырып электронды хат хабарламасын жеткізуде және хаттың хатты алушы тарапынан уақытында оқылуында маңызды рөл атқарады. Электронды поштаға күніне келетін хаттардың саны көп болып, қай хатты бірінші оқу керектігін шешкенде хаттың тақырыбы маңызды. Хабарламаның мазмұны маңызды болып, хатқа шұғыл жауап беру қажет болғанда, хатты алушы хаттың тақырыбына қарап хатты оқу кезегін шешуі мүмкін. Ендеше хаттың тақырыбы хабарламаның алушы тарапынан тез оқылуына, сәйкесінше тез жауап берілуіне ықпал етеді.

Электронды хаттардың тақырыптарына мысалдар:

Тақырып: Приглашение на Научно-практическую конференцию «Игра в педагогическом процессе»

Здравствуйте! Приглашаем Вас и Ваших коллег принять участие в работе научно-практической конференции " Игра в педагогическом процессе", которая состоится в ГБНОУ СО "Академия для одаренных детей (Наяновой)" (г. Самара) 7 ноября 2023 г.

Возможно очное, дистанционное и заочное участие.

Информационное письмо:

<https://nayanova.edu/science/conf/Conf-2023-11-Game-in-pedagogics.pdf>

--

С уважением,

...(ұйым атауы)

...(электронды пошта)

Тақырып: аккредитация есебіне

Сәлеметсіз бе ...(аты-жөні)!

Мен «Филология» магистратура мамандығының аккредитациясын жасап жатыр едім. Соған сіздерден 2022 және 2023 жылдары шыққан ПОҚ-тың ғылыми жарияланымдары керек. Әзірше осыны жібере берсеңіз, сосын тағы ақпарат қажет болса, сұрармын.

Рахмет.

Құрметпен,
...(аты-жөні)

Талданған хаттардың арасында тақырыпты функционалдық мақсатына сай емес қолдану да кездеседі. Тақырып бөлігіне хаттағы хабарламаның мазмұнын жазу үрдісі байқалады. Тақырыпты функционалдық мақсатына сай пайдаланбаудың мынадай түрлерін көрсетуге болады:

- тақырыпқа сәлемдесуді қою;
- тақырыптың орнына хабарлама мазмұнын жазу;
- тақырыпты бос қалдыру.

Мысалы, төмендегі хаттарда Тақырыпқа сәлемдесу фразалары қойылған:

From: ...(аты-жөні)
Sent: Tuesday, October 17, 2023 9:47 AM
To: ...(аты-жөні) <...(электронды пошта)>
Subject: Сәлеметсіз бе!

From: ... (аты-жөні)
Sent: Monday, October 9, 2023 8:24 PM
To: ... (...(электронды пошталар)
Subject: Қайырлы кеш!

Тақырыптың орнына хабарламаның мазмұны жазылған:

From: ...(бөлім атауы)
Sent: Friday, October 13, 2023 11:08 AM
To: ...(аты-жөні) <...(электронды пошта)>
Subject: коллеги доброе утро, прошу включить в ваши отчеты актуальную информацию от библиотеки

Тақырып бос қалдырылған:

(без темы)

Сәлеметсіз бе! Мен 1 аралық бақылау тапсырмасына жинаған ақпараттарымды компьютерде теріп үлгермей жатырмын. Платонусқа салып үлгермей жатсам, поштаңызға жіберсем бола ма?

Отправлено из мобильной Почты Mail.ru

Электронды хат хабарламасының құрылымы ашылу, негізгі мәтін және жабылудан тұрады. Ашылу сәлемдесуден тұрады. Сәлемдесуден кейін хат арқылы жеткізілетін хабарламаның негізгі мәтіні орналасады. Жабылуда қол

кою орын алады, онда хатты жазушының аты-жөні жазылады, кейде лауазымы мен қызмет орны бірге көрсетіледі. Жабылуда хатты жіберуші қол қоюды электронды поштаның техникалық мүмкіндігін пайдаланып автоматты түрде қоя алады.

Сәлемдесуде электронды хатты бастау үшін адамның аты, аты-жөні және/немесе арнайы сәлемдесу фразалары пайдаланылады. Біз талдаған хаттарда түрлі сәлемдесулер қолданылған. Оларды мынадай категорияларға топтастырып көрсетеміз: 1) ресми (ағылшын тілінде «Dear», «Dear Ms. ... (аты-жөні)», «Dear Professor ... (аты-жөні)»; қазақ тілінде «Сәлеметсіз бе», «Сәлеметсіз бе, ... (аты-жөні)», «Қайырлы күн», «Қайырлы күн, ... (аты-жөні)», «Қайырлы кеш», «Қайырлы кеш, ... (аты-жөні)», «Құрметті ... (аты-жөні немесе топтық атау)», *оқытушылар, әріптестер, студенттер, магистранттар, коллеги* сияқты топтық атаулар да жұмсалады; орыс тілінде «Доброе утро», «Добрый вечер»); 2) бейресми (ағылшын тілінде «Hi» немесе «Hello», кейде ол кісі есімімен қатар келеді «Hello ... (аты)», қазақ тілінде «Сәлем», «Сәлем, ... (аты)»/«... (аты), сәлем»); 3) аралас - ресми мен бейресмидің араласуы (ағылшын тілінде «Dear ..., Greetings», «Greetings», қазақ тілінде «Сәлеметсіз бе, ... (аты)», немесе толық аты-жөні); 4) ашылу жоқ.

Ресми ашылуға мысал:

Құрметті магистранттар,

Мудлға жазбаша жұмысты тіркейміз. Платонусқа тапсырған магистранттар ғана жүктейді. Дедлайн: 21.10.23

1. Курсқа өтеміз
2. 7-аптаны ашамыз
3. 1-аралық бақылаудың жазбаша жұмысын ашамыз
4. Жұмысты жүктейміз

Құрметпен,
...(аты-жөні)

Бейресми ашылуға мысал:

...(аты), сәлем! Шамам келгенше, тапқан материалдарымды салдым. 1.2,13 -тармақшасына ғана ештеңе таба алмадым. Қалғаны бар. Мен жұмыстан тек екіден кейін ғана келемін. Рахмет!

--

... (аты-жөні) (электронды поштаның техникалық мүмкіндігімен автоматты қойылған)

Аралас ашылуға мысал:

Dear Respected Scholar, Greetings!

We hope this email meets you in high spirits of sound health and zealous mind.
We would like to invite you to participate and submit your research.

**1st INTERNATIONAL CONFERENCE ON E-COMMERCE AND DIGITAL
MARKETING STRATEGIES (EDM-24)**

January 27-28, 2024 | Osaka, Japan
Submission Id: ...(электронды пошта)

Faithfully yours in impact.

Kind regards
...(аты-жөні)
...(электронды пошта)

Электронды хат хабарламасының құрылымында сәлемдесу үнемі бола бермейді. Ол негізінен жіберілген хатқа бірден жауап берілетін диалог хаттарда орын алады. Сондай жағдайларда хаттың ашылуында сәлемдесудің түсіп қалуы заңды. Сонымен қатар бір-бірін жақсы білетін адамдар арасындағы хат алмасуларда да сәлемдесу үнемі орын ала бермейді.

Хабарлама құрылымында жабылумен қатар алдын-ала жабылу болады. Біз талдаған хаттардың ішінде алдын-ала жабылулар кездесті, негізінен ол ағылшын тілінде жазылған хаттарда көбірек ұшырасты. Ағылшын тілді хаттарда алдын-ала жабылуда «I hope to hear from you soon», «I look forward to your reply» сияқты ресми айтылыстар қолданылған. Ресми және бейресми фразалардан «Thanks!», «Regards», «Best regards», «Sincerely» сөздері қолданылған. Қазақ тілді хаттарда «Құрметпен», «Ізгі тілекпен», «Жауап күтемін», «Сұрақтарыңыз болса, хабарласыңыз» фразалары мен айтылыстары, орыс тілінде «С уважением», «Спасибо» фразалары жұмсалған. Қазақ тілді хаттарда «Рахмет!» сөзі өте сирек кездесті. Қазақ тілінде хат жазушылардың хатты алғыс айтумен алдын-ала жабуы өте сирек. Көп жағдайда қазақ тілінде жазылған хат алдын-ала жабылусыз бірден жабылу бөлігіне өтеді немесе хат хабарлама мәтінімен аяқталады. Мысалы, мына төмендегі хаттарда алдын-ала жабылуларда «Do not hesitate to contact us for any additional enquiries», «I am looking forward to the reply to my inquiry», «Жауап күтемін» айтылыстары мен «Best regards» фразасы жұмсалған:

(хабарлама мәтіні)

Do not hesitate to contact us for any additional enquiries.

Best regards,
Dr ...(аты-жөні), Scientific Manager

Dear Professor,

Thank you for your prompt reply.

(хабарлама мәтіні)

I am looking forward to the reply to my inquiry.

Best regards,

...(аты-жөні)

...(аты), қайырлы кеш! Сапа бөлімінен де тағы ақпарат келіпті ғой. Оны бөліп алып, апта соңына қарай аударайық. Қалай қарайсың? сен өзін аударатын пунктін ал, қалғанын мен аударамын. Жауап күтемін.

--

...(аты-жөні)

Жабылуда электронды хат хабарламасын аяқтау үшін белгілі бір атпен қол қою қолданылады. Біз талдаған хаттарда жабылулардың мынадай типтері ұшырасты:

- жабылудың ресми түрі: қол қою - алдын-ала жабылу фразаларымен бірге аты-жөні («Құрметпен, ...(аты-жөні)», «With kind regards, ...(аты-жөні)», «Yours sincerely, ...(аты-жөні)»); «Құрметпен» фразасымен бірге аты-жөні және атақ-лауазымы («Best regards, Dr ...(аты-жөні), Scientific Manager»). Кейде жабылуда хат жіберушінің алдын-ала енгізген пішінінде аты-жөні автоматты қойылады;

- жабылудың бейресми түрі: «Cheers», «...(аты)»; «...(аты-жөні)»;

- жабылу жоқ.

Мысалы, төмендегі хатта жабылудың ресми түрінде қол қоюмен қатар хатты жіберушінің қызметі, лауазымы, ұйымының атауы толық жазылған:

Қайырлы күн!

(хабарлама мәтіні)

Құрметпен, ...(аты-жөні),

...(ұйым атауы)

...(бөлім атауы)

...(қызмет лауазымы)

...(мобильді телефон нөмірі)

Сәлеметсіз бе, ...(аты-жөні)!

Сізге өзім ұсыныс ретінде жасап қойған рейтингтерді жіберіп отырмын. ГТН және ЖТБ пәндері бойынша жасап қойдым.

Құрметпен,

--

... (аты-жөні) (электронды поштаның техникалық мүмкіндігімен автоматты қойылған)

Жабылуы жоқ хаттарда қол қою болмайды, яғни хатты жіберуші атын не аты-жөнін жазбайды немесе ол автоматты түрде қойылмайды. Мысалы:

Ертең сабақтан бос уақытта маған хабарласыңызшы: ...(телефон нөмірі)

--

Отправлено из Mail.ru для Android

Хаттарды «Сау болыңыз» фразасымен жабу өте аз кездесті.

Хат хабарламасы үнемі жабылумен аяқталмауы мүмкін. Мысалы, хаттардың ішінде «Кеш мазаласам, айып етпеңіз» айтылысымен аяқталған хат кездесті. Бұл фраза - сыпайылықтың маркері, белгілі бір ұйымдағы адамдар арасындағы ресми қарым-қатынастың мәдениетін көрсетеді.

Хат хабарламасының құрылымында байқалған бір стильдік ерекшелікті атап өткіміз келеді. Ол ағылшын тілінде жазылған хаттар мен қазақ тілінде жазылған хаттардың құрылымын беруде стильдік айырмашылық байқалады. Ағылшын тіліндегі хаттарда әрбір құрылымдық бөліктің орналасуы айқын ажыратылып тұрады. Ол техникалық тұрғыдан бір аралық бос жолмен ресімделеді. Мысалы:

Dear ...(аты-жөні),

Thank you for keeping me informed. I do not see any ethical problem in letting them know that I am embedded in the correspondence, but I do not think it would influence the process either. So let us wait what they reply and hope for the best.

With kind regards,
...(аты-жөні)

Хаттан көрініп тұрғандай, хаттың құрылымында сәлемдесу, хабарламаның негізгі мазмұны және хаттың жабылуы бір аралық бос жолдармен бөлініп жазылған. Қазақ тіліндегі хаттарда мұндай ресімдеу өте аз кездесті, көбінде құрылымдық бөліктер аралық жолсыз бірінен кейін бірі орналасады. Мысалы:

Құрметті әріптестер! 2019-2023 жылдар аралығында біліктілікті арттыру курстарынан өткен сертификаттарыңызды түсіріп, маған почтаға не ватсапқа салып жіберіңіздер! Аккредитацияға керек болып жатыр. Бүгіннен қалдырмаңыздар! Рахмет!

Всем добрый вечер! Направляю СЗ№05-03-22-0068 23 октября т.г. Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан объявило конкурс 2023 года на соискание ежегодной премии «Лучший научный работник». В связи с ограниченным сроком подачи заявок (20 календарных дней со дня опубликования объявления о конкурсе) и необходимостью подготовки рекомендаций Ученого совета, факультетам необходимо в срок до 30 октября т.г. представить в Департамент науки кандидатуры претендентов на соискание премии для рассмотрения на Ученом совете университета.

Электронды хаттардағы сәлемдесулер мен қоштасулар сыпайылықтың белгілері болып табылады және олар өз кезегінде коммуниканттар тиесілі ұйымдағы мәдениеттіліктің көрсеткіші болып саналады.

Талқылау

Электронды пошта - компьютер қосымшасы ретінде өткен ғасырдың 60-70 жылдарынан пайда болып, содан бері адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қызмет етіп келе жатқан құрал. Ол адамдар арасындағы қарым-

қатынаста жеке мақсатта да, іскерлік мақсатта да қолданылатын сенімді әрі маңызды электронды құрал болып табылады.

Электронды пошта арқылы жеткізілетін хаттың коммуникацияның чат, блог, жедел хабарламалар түрлерімен салыстырғанда бірқатар артықшылықтары бар. Ол артықшылықтары дәстүрлі хатпен салыстырғанда анық көрінеді. Электронды хаттың ешкімге бөгет жасамау, адресатқа тез жету, хатты бірнеше адамның бір мезетте ала алу мүмкіндігі, хатты жіберушінің хат мәтінін түзетіп, өңдей алу мүмкіндігі сияқты белгілері оның артықшылықтары болып табылады.

Электронды поштаны қолдану жиілігі электронды коммуникацияның басқа түрлерімен салыстырғанда бәсеңдеген сияқты көрінеді. Қазіргі қарым-қатынаста смартфондарда орнатылған түрлі қосымшалардың қызметімен жіберілетін жедел хабарламалардың қызметі артқаны рас. Дегенмен, статистикалық зерттеулер электронды поштаның қолданыста әлі де өнімді екенін, тіпті жастар арасында кеңінен қолданылатынын көрсетіп отыр.

Электронды пошта арқылы хат алмасу қарым-қатынастың асинхронды түріне жатады. Асинхронды әр түрлі уақытта коммуниканттардың байланыс орнатуы болса, синхронды - коммуникацияның бір уақытта іске асуы. Асинхрондылық электронды хаттың типтік ерекшелігі болғанымен, оның табиғатына синхрондылық белгінің де тән екенін айтады зерттеушілер. Асинхронды өзараәрекеттестікте екі коммуникант синхронды түрде, бір уақытта онлайнда отырып, электронды пошта арқылы хат жіберіп, алушы бірден жауап қайтарып байланыс жасай алады. Бұл синхронды байланыста уақыт факторы орын алатынын ескеруіміз қажет. Зерттеулер жылдам қарым-қатынас жүзеге асатын синхронды байланыстың өзінде технологиялық тұрғыдан уақытқа кешігу болатынын көрсетіп отыр. Хаттардың екінші бір адамның компьютерінің немесе мобильді телефонының экранына жетуінде техникалық тұрғыдан аз да болса кешігу болады. Бұл кешігу факторы электронды хатты ауызша сөйлеуден ерекшелейді. Себебі бетпе-бет сөйлесуде коммуникация қатысушылары арасында хабарламалардың жету жылдамдығы жоғары, кешігу болмайды. Яғни уақытқа кешігу белгісі электронды хаттың типтік белгісі және оның ауызша сөйлеуден ерекшелігі болып саналады.

Кері байланыстың болуы - электронды хаттың сипатын аша түсетін белгілердің бірі. Коммуникацияда кері байланыстың болуы электронды хатқа да тән белгі болып табылады, осы белгісімен ол сөйлеу тіліне жақындай түседі дейді бірқатар зерттеушілер. Кері байланыс электронды хатта орын алады, дегенмен оның бір мезгілде болуына зерттеушілер күмән келтіреді. Электронды хаттағы кері байланыс бетпе-бет сөйлеудегідей коммуниканттың реакциясын бірден көріп, оған кері реакцияны бірден таныта алумен бірдей емес. Электронды хатты алушы хатқа жауапты араға уақыт салып барып беруі мүмкін немесе бірден жауап берді дегеннің өзінде, жоғарыда көрсеткен техникалық уақыт кешігуі орын алуы мүмкін.

Электронды хаттың құрылымында тақырып ерекше рөл атқарады. Тақырып хабарлама мәтінінің түйіні десек болады. Талданған хаттарда тақырыпты функционалдық мақсатына сай қолданбау көрініс берді. Бұл хатты

жазушының тақырыпқа аса көңіл бөлмейтінін көрсетеді немесе тақырыпты бос қалдырып кетуіне асығыстық, уақыт алмау себепкер болуы мүмкін. Дегенмен тақырыптың хаттың уақытында оқылуына ықпал ететінін ұмытпаған жөн.

Хаттың ашылуы сәлемдесуден басталады, алайда оның хат хабарламасының құрылымында үнемі болуы заңдылық емес. Хатты жіберуші хаттарына бірден жауап алып, байланыс синхронды түрде болғанда, сондай-ақ таныс екі коммуникант арасындағы қарым-қатынаста хаттағы сәлемдесу түсіп қалуы мүмкін. Д.Кристал «...әдетте бірін-бірі жақсы білетін адамдар арасында дереу жіберілетін жауаптар болғанда, мұнда жауап беруші хабарламаны екі бөліктен тұратын өзара әрекеттестіктің екінші бөлігі (іргелес жұп) ретінде қарастырғанда сәлемдесудің орынсыз» екенін айтады [11, 105 б.].

Ағылшын тілінде жазылған іскерлік хаттарда ашылуға «Dear» сөзі көп кездесе, қазақ тілді хаттарда сәлемдесуде «Сәлеметсіз бе» сөзі жиі жұмсалады. Коммуниканттар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастың сипатын хаттардан көруге болады. Әріптестердің өзара хат алмасуларында ресми де, бейресми де сәлемдесулер ұшырасса, оқытушылар мен білім алушылар арасында ресми сәлемдесулер қолданылған. Сәлемдесулер мен қоштасулар сыпайылықтың маркерлері ретінде белгілі бір ұйымдағы жұмыс мәдениетінен хабар береді. Сәлемдесуді немесе қоштасуды таңдау, сондай-ақ оның хат хабарламасында бар не жоқ болуы «... жеке хабарламаны жеткізіп қана қоймайды, сонымен қатар жұмыс орнында тату немесе татулығы аз мәдениет қалыптастыруға да ықпал етеді және өз кезегінде сол мәдениетті көрсетеді» [14, 474 б.].

Қорытынды

Бұл зерттеуде электронды пошта арқылы жеткізілетін электронды хаттың лингвистикалық және коммуникативтік белгілері ашылды. Электронды пошта - өткен ғасырда өмірімізге еніп, бүгінгі күнге дейін қолданылып келе жатқан коммуникацияның интернет желісімен байланыстырылған құралы. Электронды пошта арқылы электронды хат жіберіліп, сол арқылы коммуниканттар арасында хабарламалар, құжаттар, аудио және бейне материалдар жіберу жүзеге асады. Электронды хаттың электронды коммуникацияның басқа түрлерінен ерекшеленетін негізгі белгілері осы зерттеу жұмысында талданды.

Бұл зерттеу электронды коммуникация және тіл мен интернеттің арақатынасы тақырыптарында жүргізілетін зерттеулердің қатарын толықтырады. Зерттеудің мақсаты электронды коммуникация түрлерінің лингвистикалық және коммуникативтік белгілерінің қазақ тілді деректер негізінде талқыланып, зерттелуіне жол ашу, соның нәтижесінде зерттеулердің санын арттыруды көздейді.

Зерттеу нысанына қатысты келешекте зерттеуді қажет ететін тақырыптар көп. Қазақ тілді қолданушылар арасында электронды поштаның қолданысы мен оның қарым-қатынастағы қызметтері арнайы зерттеуді қажет етеді.

Сонымен қатар қазақ тілді қолданушының жазуындағы электронды хаттың басқа да лингвистикалық белгілері ерекше зерттеуді қажет етеді.

REFERENCES

- [1] Naughton J. A. Brief History of the Future: The Origins of the Internet. – London: Phoenix, 2000. – 332 p.
- [2] Kinsley M. The Morality and Metaphysics of Email. <https://www.forbes.com/asap/>.
- [3] How many people in the world use email? <https://www.campaignmonitor.com/resources/knowledge-base/how-many-people-in-the-world-use-email/>.
- [4] Durscheid Ch., Frehner C. Email communication // Handbook of Pragmatics of Computer-Mediated Communication. – Berlin: De Gruyter Mouton, 2013. – P. 35-52.
- [5] Email Statistics Report, 2013-2017 – Executive Summary. – 2013. <https://www.radicati.com/wp/wp-content/uploads/2013/04/Email-Statistics-Report-2013-2017>.
- [6] Baron N.S. Why Email Looks Like Speech Proofreading, Pedagogy, and Public Face. Presented at “Language, the Media, and International Communication”. March 29 – April 1, 2001. - St. Catherine’s College, Oxford, UK.
- [7] Herring S.C. Computer-mediated discourse // Handbook of Discourse Analysis. – Oxford, UK: Blackwell, 2001. – P. 612–634.
- [8] Baron N.S. Discourse Structures in Instant Messaging: The Case of Utterance Breaks // Language@Internet. – 2010. – No 7(4). – P. 1-32.
- [9] Baron N.S. Letters by phone or speech by other means: The linguistics of email // Language and Communication. – 1998. – No. 18. – P. 133-170.
- [10] Crystal D. Language and the Internet. – Cambridge: Cambridge University Press, 2006. – 277 p.
- [11] Danet B. The Language of Email. - European Union Summer School. - Lecture II. – University of Rome. – 2002. – P. 1-27.
- [12] Cherny L. Conversation and community: Chat in a virtual world. – Stanford, CA: Center for the Study of Language and Information Publications, 1999. – 369 p.
- [13] Herring S.C. A faceted classification scheme for computer-mediated discourse // Language@Internet. – 2007. – No 4(1). – P. 1-37.
- [14] Waldvogel J. Greetings and closings in workplace email // Journal of Computer-Mediated Communication. – 2007. – No 12 (2). – P. 456-477. DOI: <https://doi.org/10.1111/j.1083-6101.2007.00333.x>.

ЛИНГВО-КОММУНИКАТИВНЫЕ ПРИЗНАКИ ЭЛЕКТРОННОГО ПИСЬМА

*Сарсеке Г.А.¹

¹канд. фил. наук, доцент, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан,
e-mail: sarseke_ga@enu.kz

Аннотация. В статье представлены результаты исследования одного из типов компьютерно-опосредованной коммуникации – электронного письма. Целью данного исследования является определение сущности электронного письма как средства коммуникации и ее языковых особенностей.

Электронное письмо является одним из типов компьютерно-опосредованной коммуникации. Обмен электронными письмами посредством электронной почты остается стабильным и надежным средством компьютерно-опосредованной коммуникации, которое служит людям с 1970-х годов. Электронное письмо имеет свои особенности и характеристики по сравнению с другими типами компьютерно-опосредованной

коммуникации. По сравнению с обменом мгновенными сообщениями, чат-группами, веб-блогами и другими типами электронной коммуникации электронное письмо отличается характером коммуникации, независимостью от времени и места, синхронностью обратной связи, функциональным назначением, структурой, стилем и языком. Также электронное письмо имеет схожие и в то же время отличительные характеристики от традиционной среды как письменной, так и устной коммуникации.

Источниками исследования являются опубликованные научные исследования по теме электронной коммуникации, в том числе электронного письма. В качестве данных исследования были взяты электронные письма для деловых целей с рабочего адреса электронной почты автора исследования. Исследование проводилось методами сравнения, критического анализа и контент-анализа.

Результаты этого исследования показывают, что электронное письмо отличается от других типов электронной коммуникации по признакам таким как надежным и стабильным, удобным и предоставляющим свободу в общении средством, возможностью передачи сообщений нескольким адресатам одновременно и с большой скоростью, а по асинхронным, синхронным и признаками обратной связи оно как схоже с устной речью, так и имеет отличия от нее. Электронная почта – это коммуникационная среда, которая осуществляет общение между людьми, имеет характерную структуру и языковые черты.

Ценность данного исследования заключается в расширении исследования темы электронной коммуникации на казахском языке, а также в углублении понимания и анализа его проблем.

Практическую значимость выводов данной работы можно увидеть в проявлении понимания научной основы электронного общения между людьми, расширении лингвистического познания пользователей виртуального мира. Это исследование пополняет ряд лингвистических работ прикладного характера, направленных на изучение соотношения различных аспектов интернета и языка.

Ключевые слова: электронное письмо, компьютерно-опосредованная коммуникация, электронная коммуникация, электронная почта, лингвистика, онлайн, асинхронный, синхронный

LINGUISTIC AND COMMUNICATIVE FEATURES OF ELECTRONIC MAIL

*Sarseke G.A.¹

*¹Cand.Phil. Sc., Docent, L.N. Gumilyev Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan

e-mail: sarseke_ga@enu.kz

Abstract. The article presents the results of a study on electronic mail as one mode of computer-mediated communication. The purpose of the study is to determine the nature of email as mode of communication and its linguistic features.

Email remains a stable and reliable means of computer-mediated communication that has been serving people since the 1970s. Compared to instant messaging, chat groups, web blogs, and other modes of electronic communication, email differs in terms of its nature of communication, independent access to time and place, simultaneous feedback, functional purposes, structure, style and language. In addition, email has characteristics similar to and different from traditional written and spoken communication mediums.

The sources of the study are the studies on the topic of electronic communication, including electronic mail. Electronic mails from the work e-mail of the author of the study are used as research data. The research is carried out by methods of comparison, critical analysis and content analysis.

The results of this study have shown that electronic mail differs from other modes of electronic communication in that it is a reliable and permanent tool of communication, adds comfort and freedom to communication, can be sent to multiple recipients at once and reaches them quickly, and features temporality of messages, while its combination of asynchronous and synchronous communication types and a lack of simultaneous feedback nature bring it closer to spoken medium of communication and at the same time distinguish it from it. Email is a mode of communication with its own structure and language features.

The value of this study is to expand the research on the electronic communication in Kazakh, as well as to deepen the understanding and analysis of its research questions.

The practical significance of the results of the work is reflected in understanding the scientific basis of electronic communication, expanding the linguistic knowledge of users of the virtual world, and increasing the number of studies aimed at investigating various aspects of the relationship between the Internet and language.

Keywords: electronic mail, email, computer-mediated communication, electronic communication, linguistics, online, asynchronous, synchronous

Статья поступила 26.02.2023